

«Бекітемін»
№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:  Г.Жусупова



Үйірме жұмысы “Ұлттық ойындар”

Тәрбиеші: Сермаханова Ғ

2025-2026 оқу жылы

Үйірме жұмысы «Ұлттық ойындар»

№	Тақырыбы	Уақыты
1	Қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру	2-4 апта 4 күн 11.09.2025
2	«Асық ату»	2-4 апта 4 күн 25.09.2025
3	«Күш сынасу»	2-4 апта 4 күн 09.10.2025
4	«Арқан тарту»	2-4 апта 4 күн 23.10.2025
5	«Тақия тастамақ»	2-4 апта 4 күн 13.11.2025
6	«Асық Party»	2-4 апта 4 күн 27.11.2025
7	«Түйе-түйе»	2-4 апта 4 күн 11.12.2025
8	«Соқыр теке»	2-4 апта 4 күн 25.12.2025
9	«Ханталапай»	2-4 апта 4 күн 15.01.2026
10	Түйілген орамал,	2-4 апта 4 күн 29.01.2026
11	Ат жарыс	2-4 апта 4 күн 12.02.2026
12	Теңге ілу.	2-4 апта 4 күн 26.02.2026
13	Үш табан	2-4 апта 4 күн 12.03.2026
14	Көтермек	2-4 апта 4 күн 26.04.2026
15	Орамал тастамақ	2-4 апта 4 күн 09.04.2026
16	Арқан тую	2-4 апта 4 күн 23.04.2026
17	Қамшы	2-4 апта 4 күн 14.05.2026
18	«Аударыспақ»	2-4 апта 4 күн 28.05.2026

Ұлттық ойындарына қатысатын балалар

№	Балалардың аты-жөні	тобы
1	Әбдіқадір көзайым	«Ақжелкен»
2	Кенжебай Әлімжан	«Ақжелкен»
3	Серғазы Расул	«Ақжелкен»
4	Қолғанат Сезім	«Ақжелкен»
5	Еркін Ясина	«Ақжелкен»
6	Меңдікүл Айлин	«Балапан»
7	Кенбаев Ернұр	«Балапан»
8	Арапбек Бектібай	«Балапан»



**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Асық ату» Асық ойындары – казак даласына кең тараған ойындардың бірі. Бірақ бұл ойын ұлан-байтақ казак жерінің барлық жерінде біркелкі ойнала бермейді. Жер шалғайлығына қарай ойын түрлері мен ережелері де әр өңірде әр қилы болып келеді. Жалпы асық ойындары балалардың дене қимылының жітілігін, ептілігін, оңтайлығын арттыруға, сондай-ақ, көз мергендігі мен қол икемділігінің дамуына көп септігін тигізеді. Қой, ешкі асықтары мен ірі кара асығы (топай) ойынның негізгі құрал санатына жатады. Осының өзі-ақ бұл ойынның халқымыздың шаруашылық ыңғайынан туындағандығын байкатады. Ойын ашық алаң, тақыр жер, бар болса, тақтай, сырмақ үсті, аула ішінде ойналады. Халық арасында асық ойынына байланысты түрлі атаулар қалыптасқан. Мәселен, сақа, кеней, бүге, шіге, алшы, тәйке, оңқа, шоңқа, т.б... Сондай-ақ, “Алшы түсіп ақырып, сақа болып жапырып...” – деген сияқты сөз тіркестері де бар.

Асықшылар асықтарын сан түрлі етіп бояп, сақаларын қорғасын құйып безендіреді. Жалпы, асық ойындарының бірнеше түрлері бар. Олар ойнау әдіс-тәсілдеріне орай, “Алшы”, “Орда”, “Ұпай” т.б. болып бөлінеді.

Толтырылған күні: 25.09.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова Ғ



**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

Күш сынаспақ –бұл балабақша балаларына арналған ойын, онда екі топ бір-бірімен білек сынасады. Олар столға немесе басқада жазық жерге отырып, шынтактарын тіреп, қолдарын айқастырады. Ойынның мақсаты- қарсыластың білегін немесе қолын түсіріп, столға жыққан бала жеңіске жетеді. Бұл ойын балаларға күш пен шапшаңдықты дамытуға,күшін сынап көруге мүмкіндік береді. Ойынды қауіпсіз түрде жүргізу үшін тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін қадағалап отырады

Толтырылған күні: 09.10.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова Ғ





Күш сынау



Арқан тарту







**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Арқан тарту» - бұл балабақша балаларымен өткізілетін белсенді ойын, оның мақсаты балалардың күшін, төзімділігін топтық жұмысын дамыту. Ойын барысында балалар екі топқа бөлініп, ұзын арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып, екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. Ойынды қауіпсіз түрде жүргізу үшін тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін қадағалап отырады.

Толтырылған күні: 23.10.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова F



Тақия тастамақ



**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Тақия тастамақ»

Ойым бар, бір ойын бастамақ,
Аты оның – “Тақия тастамақ”
Шеңбер боп отыра калыңдар,
Болмасын асығу – саскалақ.
Ақырын, аспаймын – саспаймын,
Шеңберді айнала бастаймын.
Біріннің тұсыңа келгенде,
Сездірмей тақия тастаймын, -

деп ойынды бастаушы бала өлеңді термелей келіп, бір баланың жанына тақияны тастай салып, жүгіре жөнеледі. Қолына тақияны алып, бала отырып үлгергенге дейін тақиямен ұруы керек. Егер қуып жете алмаса, айыбын бимен, өлеңмен немесе балалардың сұрауы бойынша жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер айту арқылы өтейді. Айыбын өтеп болып, ойынды өзі жалғастырады.

Ойынды қауіпсіз түрде жүргізу үшін тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін қадағалап отырады

Толтырылған күні: 13.11.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова Ғ





**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Асық Party» Асық ойындары – қазақ даласына кең тараған ойындардың бірі. Бірақ бұл ойын ұлан-байтақ қазақ жерінің барлық жерінде біркелкі ойнала бермейді. Жер шалғайлығына қарай ойын түрлері мен ережелері де әр өңірде әр қилы болып келеді. Жалпы асық ойындары балалардың дене қимылының жітілігін, ептілігін, оңтайлығын арттыруға, сондай-ақ, көз мергендігі мен қол икемділігінің дамуына көп септігін тигізеді. Қой, ешкі асықтары мен ірі қара асығы (топай) ойынның негізгі құрал санатына жатады. Осының өзі-ақ бұл ойынның халқымыздың шаруашылық ыңғайынан туындағандығын байқатады. Ойын ашық алаң, тақыр жер, бар болса, тақтай, сырмақ үсті, аула ішінде ойналады. Халық арасында асық ойынына байланысты түрлі атаулар қалыптасқан. Мәселен, сақа, кеней, бүге, шіге, алшы, тәйке, оңқа, шоңқа, т.б... Сондай-ақ, “Алшы түсіп ақырып, сақа болып жапырып...” – деген сияқты сөз тіркестері де бар.

Асықшылар асықтарын сан түрлі етіп бояп, сақаларын қорғасын құйып безендіреді. Жалпы, асық ойындарының бірнеше түрлері бар. Олар ойнау әдіс-тәсілдеріне орай, “Алшы”, “Орда”, “Ұпай” т.б. болып бөлінеді.

Толтырылған күні: 27.11.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова F





**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Соқыр теке» - бұл балабақша балаларымен өткізілетін белсенді ойын, оның мақсаты балалардың ептілігін, жылдамдығын және командалық жұмысын дамыту, сонымен қатар оларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

Ойын ережесі: Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы тұрғандардың әрқайсысын жеке-жеке мал атымен атап шығады. Ең соңғы аты аталған бала “Соқыр теке” болады. Далада ойналғанда жерге шеңбер сызылады. Ойын басқарушы ортаға көзі орамалмен таңылған “Соқыр текені” шығарады:

Содан кейін балалар:

Соқыр теке, бақ-бақ,

Қайдан бізді таппақ?! –

деген өлеңді барлығы қосыла айтады.

Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған “Соқыр теке” балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады.

“Соқыр теке” ұстаған бала оның орнына тұрады, ойын ары карай жалғаса береді.

Бұзау, бота, қозы, лақ,

Тоқты, серке, құлынишақ.

Торпақ, тана, тай, тайлақ,

Құнан, дөнен, бесті бар –

Бәрін біліп, естіп ал!

Сүзегенсің, тентек Теке аппақ,

Ізде оларды, ұста оларды, бақ-бақ!

Ескерту: баланың көзін байларда, гигиеналық талап бойынша, орамал ме көздің аралығына таза қағаз қойылып отырғаны жөн.

Ойынды қауіпсіз түрде жүргізу үшін тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін қадағалап отырады

Толтырылған күні: 25.12.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова

**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

«Ханталапай шақырады» ұлттық ойыны өткізілді. Қазақтың ұлттық ойындары балалардың еңбекке деген қарым –қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Бұл отырып ойналатын, балаларға арналған ойын. Оған әр топтан төрт-бес үміткерден қатысты. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінді, ойнау арқылы өз қабілеттерін, шеберліктерін көрсете білді.

Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды.

Толтырылған күні: 15.01.2026ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова F



Ханталапай



Арқан тарту



**«Балапан» «Ақжелкен» ересек тобындағы
балалармен жүргізілетін
«Ұлттық ойындар» үйірме жұмысына**

Анықтама

Күш сынаспақ –бұл балабақша балаларына арналған ойын, онда екі топ бір-бірімен білек сынасады. Олар столға немесе басқада жазық жерге отырып, шынтақтарын тіреп, қолдарын айқастырады. Ойынның мақсаты- қарсыластың білегін немесе қолын түсіріп, столға жыққан бала жеңіске жетеді. Бұл ойын балаларға күш пен шапшаңдықты дамытуға,күшін сынап көруге мүмкіндік береді. Ойынды қауіпсіз түрде жүргізу үшін тәрбиеші балалардың қауіпсіздігін қадағалап отырады

Толтырылған күні: 09.10.2025ж

Топ тәрбиешісі: Сермаханова F